



**ҚАРЖЫ
ПИРАМИДАСЫНА
АЛДАНБАУДЫҢ
ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?**

3-бет



Гүлжан МЕЙРАНҚЫЗЫ,
1 топ мүгедегі, керлингист,
қоларба бинен
спорт шебері:

**«МУМКІНДІГІМ
ШЕКТЕУЛІ БОЛҒАНЫМЕН,
ЕРИК-ЖІГЕРІМ
ШЕКТЕУСІЗ»**

6-бет



**ҚОС
ҚАЛАДАҒЫ
ҚАҚТЫҒЫС:**
«Желтоқсан оқиғасы»
мен «Целиноград
оқиғасының» ақиқаты
қашан ашылады?

8-бет


ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№15 (3546) 24 ақпан 2023



СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Әсем МАҚАШОВА,
Алматы қаласындағы QOLDAÝ
кәсіпкерлік орталығы
бас директорының орынбасары:

**«КЕСІПКЕРЛІКТІ
ДАМЫТУ
САУАТТЫ
АРТТАРУДАН
БАСТАЛАДЫ»**

— Эсем Талғатқызы, әңгімемізді
өзіңіз жетекшілік етіп отырган
орталықтың құрылу тарихынан
бастасақ?

— Қалалық мәслихат шешімімен
2019 жылы кәсіпкерлік дамытудың
«Алматы бизнес – 2025» деген өңір-
лік бағдарламасы қабылданған еді.
Соның аясында «Бизнесте қандай
проблема бар? Оны дамытуға не ке-
дергі?» деген сұрақтар зерттеліп, 5
шешім ұсынылды.

Біріншісі, осы QOLDAÝ кәсіпкерлік
орталығын құру. Яғни, кәсіпкерлere,
соның ішінде кәсібін жаңа бастаған,
бастағысы келетінде арналған
консалтингтік қызмет көрсету. Онда
бір терезе қафидаты бойынша олар
бүкіл сұрағына толыққанды жауап
алуы керек.

Екіншісі, кәсіпкерлер үшін негізгі
мәселенің бірі – қаржы. Банк арқылы
берілетін қаржының бірнеше түрі
және оған қатысты әрқыл мемлекет-
тік бағдарламалармен бірге үлттық жобалар да қабылдануда. Соның бірі 2021 жылы 12 қазанда Қазақстан
Үкіметінің қаулысымен қабылданған еліміздің әрбір азаматы үшін сапалы және қолжетімді медициналық қызметті
үйымдастыруды қөздейтін «Дені сау үлт» үлттық жобасының бекітілуі болды.

Үшіншісі, шағын өнеркәсіптік парк-
тер. Қазір Алматыда онға жуық шағын
кәсіпкерлік паркі жұмыс істеп жа-
тыры. Қалаңың шет аудандарында
инфрақұрылымы жүргізген дайын
ғимараттар салынып, онда өз өнімін
өндірісі келетін кәсіпкерлер өзіне қа-
жетті аланды жалға алады. Яғни,
шағын өнеркәсіп паркіне резидент
болып кірген жағдайда кәсіпкерлер
микроқаржы үйімі арқылы 2 пайыз-
бен жеңілдетілген несие ала алады.
Одан кейін ондағы жалға беру ақысы
2 жыл көлемінде көбеймейді.

Төртіншісі, оқыту курстарын өткізу.
Барлық істе негізгі мәселе белімде фой.

(Соны 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҰЛТ САУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУДЫ КӨЗДЕЙДІ



Халық денсаулығы әрқашан мемлекеттің басты назарында. Сондықтан еліміздегі медициналық қызметті барын-
ша қолжетімді ету, ұлт саулығын жақсарту, халықтың орташа өмір сүру жасын ұзарту, ана мен бала өлімін азайту
секілді міндеттер әрқашан назардан тыс қалған емес. Медициналық қызметті күшайте тұсу үшін жыл сайын түрлі
мемлекеттік бағдарламалармен бірге үлттық жобалар да қабылдануда. Соның бірі 2021 жылы 12 қазанда Қазақстан
Үкіметінің қаулысымен қабылданған еліміздің әрбір азаматы үшін сапалы және қолжетімді медициналық қызметті
үйымдастыруды қөздейтін «Дені сау үлт» үлттық жобасының бекітілуі болды.

(Соны 3-бетте)

МИНБЕР

ӘДІЛЕТТІЛІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Философияғының пайдада болғалы бері оның занылыштары мен құн-
дылықтары адамзаттың игілігі үшін қызмет етіп келе жатқаны жүртшылыққа
аян.

Қоғамдық экономикалық формациялардың тұрғананы мен даму көзөндөрінде, адамдар арасындағы әртүрлі қатынастарды реттеуде, өмір сүру қағидаларын анықтауда, қоғам мүшелеңін әрекеттері мен мінезд-құлықтарынң ерекшеліктерін зерделеу жолында философияғының олшесінде өлең атқары және атқара бермек.

Философия – мәңгілік ғылым. Атапған ғылымның қай үақытта, қай ғасырда, қандай құрылышта пайдада болғанын ешкім анық-

айта алмайды. Кейбір ғалымдар философияғының өртегедегі грек әдебиеті дами бастаған кезеңде, оның таңымал өкілдері Гомер, Анаксимен, Геспод, Анаксимандарлардың дәүірінде, тілті, онан да бүрін пайдада болуы мүмкін деген болжамдар жасайды. Философияғының дамуына Аристотель, Платон, Сократ, Конфуций сияқты әлем жұртшылығы танып, бағасын берген ұлы ойшылдардың айттылы үлес қосқаны тарихи шындық. Атапған ғылымның қай үақытта, қай ғасырда, қандай құрылышта пайдада болғанын ешкім анық-

Әбу-Наср әл-Фараби бабамыз да лайықты орын алады деп білеміз.

«Философия» терминін алғаш рет қолданған антика дәүірінің атақты ойшылықтарынан математигі Пифагор деген гипотеза да таралып жатыр. «Философия» ілімі грек тілінен аударғанда «Пәллапа», немесе «Дана-лықтың сую» деген ұғымдарды білдіреді екен. Ғылымның осы саласымен айналысадын ғалымдардың саралуы бойынша классикалық философияның зерттейтін негізгі сұрақтарына «Әлденені білу мүмкін бе, ал егер мүмкін болса, онда «мұны дәлелдей аламыз ба?», «Өмір сүрудін ен жақсы жолы бар ма?», «Әділеттілік жазаланбайтын әділеттіліктен жақсы ма?»,

«Адамда еркін ерік бар ма?», т.с.с. мәселелер жатады екен.

Философия – сан-салалы ғылым. Ол әр тарихи дәүірде әртүрлі бағытпен дамып, қоғамдық қатынастар мен сұраныстардың реттеуде үлкен рөл атқарды. Сондықтан ғылымда «Қытай философиясы», «Тарих философиясы», «Ежелгі грек философиясы», «Ислам философиясы», «Платон философиясы» деген ағымдар текten-текке пайдада болмаған шығар.

Ал «Қазақ философиясы» болды ма, жоқ па деген мәселені талдап көрейік. Әрине, болды. Оның бастауы, түп-тамырындағы жаңылар. Мүмкін оның дарқан даламызыда пайдада болуы Әбу-Наср әл-Фараби бабамыз өмір сүрген дәүірден де бұрын басталған шығар. Ұлы Қорқыт бабамыз, Жүсіп Баласағұны, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт Қашқары сияқты данышпандардың өмір кешкен дәүірлері «қазақ философиясының» пайдада болып, даму кезеңінде басталған «алтын ғасыры» деп білеміз. Атапған ғылымдардың айшық жолын Асан Қайы, Мұхаммед Хайдар Дұлати бабаларымыз жалғастырыды.

(Соны 4-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Гүлжан МЕЙРАНҚЫЗЫ,
1 топ мүгедегі, керлингист, қоларба биінен спорт шебері:

«МУМКІНДІГІМ ШЕКТЕУЛІ БОЛҒАНЫМЕН, ЕРІК-ЖІГЕРІМ ШЕКТЕУСІЗ»

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндігін арттыру, оларға қолайлы орта қалыптастыру, қамқорлық жасау мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар мен беріліп жатқан мүмкіндіктер жоқ емес, бар. Тілті, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау – мемлекет аса көңіл аударып отырган маңызды мәселелердің бірі. Дегенмен, мүгедек жандарға қамқорлық жасауды әлеуметтік саладағы басты міндеттердің бірі ретінде үнемін айттып жүрсек те, оны іске асыруға келгенде ақсал жатқанымыз да рас. Өйткені, ел тұрғындарының 3,73 пайызының мүмкіндігі шектеуі. Ал оларды



дамыту, қофамға кіріктіру қалай жүріп жатыр? Ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін тұмкіндіктер жасалған ба? Осы және өзге де сұрақтар тәнірекінде керлингист, қоларба биінен спорт шебері Кажынова Гүлжан ханыммен әңгіме өрбіттік.

– Гүлжан Мейранқызы,
білуімше керлингпен айна-
лысысыз. Бұл спорт түріне
қалай келдіңіз?

– 11-сыныпты ақтап, Алматы технологиялық университетіне, технолог мамандығына оқуға түстім. Мектеп қабырғасында да, жогары оқу орнында да белсенді болды. Сабагымын да жақсы оқыды. Арманым көп еді... Бірақ тағдырын мандайма жазғаны болар, II курста оқып жүргенінде көлік апатына түсіп, жұлдыныма зақым келді. Салдарынан жүріптіру қабілетінен айрылып, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қоларбаға таңылдым. Содан кейін оқуымы жалғастыруға мүмкіндігім болмады. Академия алғып, емделіп, қайта оқуымы жалғастырамын деп ойлағамын. Дегенмен жазмыштан озмыш жоқ екен. Денсаулығын келген зақымын әсерінен орнынан сол бойы тұра алмадым. Қарал отырсаң, қоларбада отырғаныма 16 жыл болыпты. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, алғашқы жылдары қызын болғаны рас. Аяушылық, өзімнен өзім баз кешіп кету секілді ауыр сезімдері басымнан өткөрді. Бірақ өмір бойы бұлай жалғаса бермейтінін түсіндім. Өзімді қолға алып, алға қарар қадам басуым керек екенин үткім. Осылайша, мүмкіндігі шектеулі жандардың ортасымен арасып, немен айналысуға болады деп өзімді ізедім. Нәтижесінде керлинг деген спорт түріне келдім. Одан бөлек қоларбада билеп, конкурстарға қатыса бастадым. Шыны керек, сынақтан тұратын жалған дүниенің сыйнаған үшіраған жаннның бірімін. Кейде осы бір жан жарагы қозғағын келмейді. Бірақ, он екі мүшесі сая болып, өмірге өкпесі мен назын айттып жүретіндердің көргенде, оларды өзімнің басымнан кешкен өмірім арқылы жігерлендіргім келеді.

– Мүмкіндігі шектеулі жан-
дарға керлингпен айналысу
қанышалықты пайдалы? Неге

осы бағытты таңдадыңыз?

– Керлинг ең ежелгі спорт ойындарының бір түрі болып есептеледі. Жалпы шығу тарихы Шотландия елінен бастау алады. Ал керлинг біздің елімізге қашан келгені туралы білмейді екенин. Дегенмен, 2003 жылдың қараша айында Қазақстан Керлинг қауымдастырығы реңи түрде қыркүйкі. Міне, содан бері Қазақстанда мыннан астам спортшы керлингпен айналысады екен. Бізді керлингтен Виктор Георгиевич есімді маман жаттықтырыды. 2022 жылдың қыркүйек айында Прага қаласында

және қазан айында Финляндияда өткен әлем чемпионатына қатысып келдік. Өкінішке қарай, жүлделі орын ала алмадық. Дегенмен, үздік бестікіт ішінде болдық. Негіз керлинг – қолдың моторикасын дамытып, көздің көруін жақсарады. Яғни, көңіл көтеріп, сергітүмен қатар, оналтуға да арналған ойын түрі ретінде есептеледі. Жалпы, керлинг мұздайының түстінде өтетін коман-



далық спорт түрі. Онда екі команда қатысушылары кезек-кезекпен салмағы шамамен 20 килограмдық гранитттан жасалған арнайы тасты алдында орналасқан нысанға жібереді. Ал біздің жағдайымызда керлингті арбада отырып ойнаймыз. Мениңше, мұндай спорт түрлері мүгедек адамдардың арасында спортын айналысу деңгейін біршама көтеріп, өздерін қалаған спортын айналысуға мүмкіндік береді.

– Керлингten бөлек қолар-
бамен билеймін деп айттып
қалдыңыз. Мұның бәрі қалай
басталды?

– Елімізде мен секілді арбаға таңығандар аз емес. Өкінішті, мұндай адамдар аяғынан жүре алмай қалса, қоғамнан оқшашуалып, өздерін кем санап, үйінен шықпай қалады. Мұның бәрін маған қазір айтту оңай шығар. Басында мен де қаншама күрделі сатыдан өттім. Өзімді қабытсыз сезініп, үйден шықпай, адамдардың көзіне түспей өмір сүрдім. Бірақ, уақыт ет келе бәрі өзгерді. Шектеу тек өз миымызда екен. Мүмкіндігім шектеулі болғанымен, ерік-жігерімнің мұқалмағанының арқасында 2021 жылы қоларба биінен келдім. Жетекшім Кульшум Серіккызының арқасында аз фана үақыттың ішінде мұны да менгеріп алдым. 2021 жылдың қыркүйек айында Шымкент қаласында қоларба биінен VI спартакиада өтті. Сол спартакиадада екі алтын, бір

күміс жүлде иелендім. Бүгінде қоларба биінен спорт шеберімін. Соңғы кезде мүмкіндігі шектеулі спортшылардың қоларбада отырып билеуі елімізде біршама дамып келеді деп айта аламын.

– Жоғарыда байқауларға
қатысып, тілті шетелге дейін
шығып келгеніңізді айтып
жатыrsыз. Мұның бәріне
мемлекет тарарапынан қолдау
көрсетілді мә? Мемлекеттің қандайда бір әлеуметтік

көмек аласыз ба?

– Мемлекет тарарапынан мүгедектерге түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Ол жәрдемақы, білім беру, жұмысқа орналастыру деген сияқты көп қой. Сонымен қатар, жәрдемақылардың мүгедектік тобына қарай біреу көбірек, біреуіз аз алады дегендегі. Өз басым I топ мүгедегіне берілетін жәрдемақыны аламын. Одан кейін керлингтен стипендия түсіп тұрады. Былай қарағанда әлеуметтік жәрдемақы аз болып көрініп мүмкін, дегенмен жетпей жатыр дәмеймін. Шүкір, жақсы! Ең бастысы мүмкіндігі шектеулі адамдарды жеke касікерлік пен шағын және орта бизнеске тарту арқылы өзгелермен тен дәрежеде болуы үшін мүмкіндіктер жасалып жатыр. Мәселен, өзім былтырға ғана 400 АЕК грантына қатысып, үтпіл алдым. Сол арқылы жеке касібімді бастап, өзімді жаңа қырымнан көргім келді. Конкурсқа жартылай фабрикат өнімдерін өндіру бойынша бизнес-жоспар жасып, қатыстым. Бүгінде қолға алған ісімді жарты жолда тастап кеткен жоқпын. Ақырындан бастап жатқан жайым бар. Алдағы үақытта мен жасап жатқан жартылай фабрикат

өнімдерін дүкендерден көріп қаларсызда деп ойлаймын. Жалпы, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына соңғы үақытта мемлекет тарарапын жіті көніл бөлініп жүр. Дегенмен, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды түсіну, әлеуметтік жәрдемақыларды үақытылы төлеумен ғана байланысты емес деп ойлаймын. Ең бастысы, біздер, өзімізді қоғамның толықандағы мүшесі екенимізді сезініміз керек.

– Сіздің өмір сүрге деген
құлшынысыңыз мол. Қазіргі
тілмен айтсақ, мотивацияны
қайдан аласыз? Алға қойған
арман-мақсаттарыңызбен
белсіп өтсөніз?

– Ең бірінші, бұл өмірде денсаулықтан артық ештең жоқ, деп айттар едім. Даны халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған фой. Денің сая болса, қалған дүниенің бәрін жасап алғуға болады. Мен сияқты мүмкіндігі шектеулі жандарға айттарым, өздерініңде шектеменіздер. «Бәрі бітті» деп, өз-өздерініңдеңінде қамалып қалмаңыздар. Адамның істегенін адам істей алдың келеді. Аллаға шүкір, осы үнде дейін осы қалыптын мені жақсы көретін жолдасын, отбасын бар. Тек алдағы үақытта оның аяқтын сезінен екен деген арманым бар.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

КӨКЖИЕК

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Халық үшін ең алдымен көрігі қолжетімді медициналық қызмет пен сапалы білім. Осы орда елімізде сапалы медициналық қызметті қолжетімді ету үшін «Дені сау ұлт», ал білім сапасын көтеру үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобалары қабылданған.

Былтыр «Жайлы мектеп» жобасының маңызын түсіндіргенде Президент-Министр Эліхан Смайлов «Біздің басты міндеттіміз – балабакшадан бастап, білім берудің барлық деңгейлерінде халықтың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылдан бері 674 балабакша ашылды. 326 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 1436 мектеп жаңырылды. Мемлекеттің қасшысының тапсырымасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы әзірленіп жатыр. Осы жоба аясында 2025 жылға дейін жаңа құрылыш стандарттары бойынша 840 мын орын беретін мектеп салу көзделген», – деген болатын.

Сол мәлімдемесінде айтқандай қазір «Жайлы мектеп» жобасы сәтті жүзеге асуда. Үкіметтің қасшысы «Жайлы мектеп» жобасы төр балабакша мен мектепке ғана қатысты емес оку орындарын да қамтитын айтқан болатын. Атап айттар болсақ, жастирдың кәсіптік-техникалық біліммен қамту үшін бюджеттенн мемлекеттік тапсырыс бойынша қосымша 45 мын орын бөлінсе, жоба аясында еңбек нарығының сұранысына сай кадр да ярлау үшін 500-ге жуық кәсіпорын коллеждердің қамқорлыққа алған жеткізген еді. Білім беру сапасын жақсарту бойынша жасалып жатқан шаралардың ұлт балашашы үшін маңызы зор екені сөзсіз. Өйткені, мықты маманның іргетасы мектептерінде өткінен мектептің қаланының есекінен етілдегі білім беру сапасын көтеру пары!

Осы орда жақында Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұраев «Астанада екі жыл ішінде 40-тан астам жайлы мектеп салынады. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 24 мектептің құрылышы басталды. Келесі жылда да осынша мектеп салынбақ. Бұл елорда халқы үшін ауқымды жоба. Астанаға келушілердің есебінен қалаға жүз мындаған адам қоныстынаны. Бала туу қорсеткіші де артып жатыр. Сондықтан жылына жеті мындағай жасау үшін 500-ге жуық кәсіпорын коллеждердің қамқорлыққа алған жеткізген еді. Білім беру сапасын жақсарту бойынша жасалып жатқан шаралардың ұлт балашашы үшін маңызы зор екені сөзсіз. Өйткені, мықты маманның іргетасы мектептерінде өткінен мектептің қаланының есекінен етілдегі білім беру сапасын көтеру пары!

КР білім беру ісінің үздігі Falia Қайдайұлызы: «Халық санының жедел үлғайып келе жатқанын есебінен қалаға жүз мындаған адам қоныстынаны. Бала туу қорсеткіші де артып жатыр. Сондықтан жылына жеті мындағай жасау үшін 500-ге жуық кәсіпорын коллеждердің қамтамасыз етуді қөзделтіп жүр. Әрине бір салынта 35-40 жылдағы оңтайлы пайдалану болады. Өзінен 45 минутта барлық балалар өткінен үлгеріліп жүр. Әрине бір салынта 40 жылдағы оңтайлы пайдалану болады. Өзінен 45 минутта барлық балалар өткінен үлгеріліп жүр. Әрине бір салынта 40 жылдағы оңтайлы пайдалану болады. Өзінен 45 минутта барлық балалар өткінен үлгеріліп жүр. Әрине бір салынта 40 жылдағы оңтайлы пайдалану болады. Өзінен 45 минутта барлық балалар өткінен үлгеріліп жүр. Әрин

